



Register your new Bosch now:
www.bosch-home.com/welcome



Built-in oven
Кірістірілген духовка шкафы
Встраиваемый духовой шкаф
HBN559.1Q HBN559.1T



BOSCH

[en] Instruction manual	3	[ru] Правила пользования	43
[kk] Пайдалану нұсқаулығы	23		

Мазмұны

Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды нұсқаулар	23
Зақымдардың себептері	25
Жаңа духовка шкафының	25
Басқару тақтасы	25
Функциялар ауыстырып-қосқышы	26
Басқару түймешелрі мен бейнебет	26
Температура реттегіші	26
Жұмыс камерасы	26
Құралдарының	27
Жабдықтарды жылжытып салу	27
Арнайы құралдар	27
Бірінші рет пайдалану алдында	28
Уақытты орнату	28
Духовка шкафын қыздыру	28
Құралдарды тазалау	28
Духовканы бағдарламалау	28
Қызу түрі мен температурасын орнату	28
Тез қыздыру	28
Уақыт функцияларын орнату	29
Таймер	29
Пісіру уақыты ұзақтығы	29
Әшіру уақыты	30
Уақыт	30
Балалардан қорғау құлпы	30
Негізгі параметрлерді өзгерту	31
Құту және тазалау	31
Жұғыш заттар	31
Әздігінен тазаланатын духовка беттерін тазалау	32
Духовка шкафының есігін алу және орнату	32
Есік әйнектерін шығару және орнату	33
Ақаулық бар болса не істей керек?	33
Ақаулықтар кестесі	33
Қате туралы хабарлар	33
Духовка шкафындағы шамды ауыстыру	34
Шыны плафон	34
Сервистік қызмет	34
Әнім нөмірі және зауыттық нөмір	34
Қуатты үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау туралы ұсыныстар	34
Қуатты үнемдеу	34
Экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялау	34
Тасымалдау кезінде орындалатын шаралар	34
Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік	35
Пирогтар және пісірілген нан	35
Пісіру туралы кеңестер	36
Ет, құс, балық	37
Күйрү және грильде әзірлеу туралы кеңестер	39
Көмештер, гратегдер, тосттар	39
Дайын өнімдер	39
Арнайы тамақтар	40
Еріту	40
Құргату	40
Консервілеу	40
Азық-тұліктегі акриламид	41
Тамақты тексеру	42
Пісіру	42
Грильде әзірлеу	42

Әнім, керек-жараптар, қосалқы бөлшектер және қызметтер туралы қосымша ақпаратты www.bosch-home.com сайтында және www.bosch-eshop.com интернет-дүкенінде табуға болады

⚠ Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды нұсқаулар

Осы нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз. Тек содан кейін құрылғыны қауіпсіз және дұрыс пайдалана аласыз. Пайдалану және монтаждау нұсқаулықтарын келесі иесі үшін сақтаңыз.

Бұл құрылғы тек ішіне ендіруге арналған. Монтаждау туралы арнайы нұсқауларды орындаңыз.

Орамадан шығарғаннан кейін құрылғыны тексерініз. Тасымалдау кезінде алынған закымдар бар болса, құрылғыны қоспаңыз.

Құрылғыны желелік ашасыз тек білікті маман қоса алады. Дұрыс емес қосу тудырған закымдар кепілдікке кірмейді.

Бұл құрылғы үйде және үй жағдайларында пайдалануға арналған. Құрылғыны тек тамақты және сусындарды әзірлеу үшін пайдаланыңыз. Пайдалану кезінде құрылғыны бақылап тұру керек. Құрылғыны тек жабық бөлмелерде пайдаланыңыз.

Бұл құрылғы теңіз деңгейінен максималды 2000 метрге дейін болған биіктікте пайдалануға арналған.

Бұл құрылғыны 8 жастағы балалар және дene, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдар я болмаса тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдар құрылғыны пайдалану кезінде олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның бақылауында болса немесе бұл адамдар оқытылған және мұның қауіпті екенін түсінсе пайдалана алады.

Балалар құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді балалар орындауда керек, 8-ге толса және одан үлкен болса, балалар бақылау астында болуы керек.

8 жастан кіші балалар құрылғыдан және кабельден қауіпсіздік қашықтықта болуы керек.

Әрқашан құралдарды жұмыс камерасына дұрыс орнатыңыз. Пайдалану нұсқаулығында құралдардың сипаттамасын қараңыз.

Әрт қаупі бар!

- Жұмыс камерасына орналастырылған тұтанғыш заттар тұтануы мүмкін. Ешқашан жұмыс камерасында тұтанғыш заттарды сақтамаңыз. Ішінде тұтін пайда болса, ешқашан есікті ашпаңыз. Құрылғыны өшіріңіз, ашаны розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз.
- Құрылғы есігін ашқанда ауа ағыны пайда болады. Пергамент қағазы қыздыру элементіне тиіп, жануы мүмкін. Ешқашан қыздыру кезінде құралдарда бекітілмеген қағазды қалдырмаңыз. Әрқашан қағаз үстіне ыдысты немесе пісіру қалыбын қойыңыз. Тек қажет өлшемдегі қағазды төсөңіз. Қағаз құралдардың жиектерінен шықпауы керек.

Күйік алу қаупі бар!

- Құрылғы қатты қызады. Ешқашан жұмыс камерасының ішкі панельдеріне немесе қыздыру элементтеріне тименіз. Әрқашан құрылғының салқындауына мүмкіндік беріңіз. Балаларды аулақ ұстаңыз.
- Құралдар мен ыдыстар қызады. Жұмыс камерасынан ыдысты және құралдарды әрқашан ұстағыш көмегімен шығарыңыз.
- Спирт булары ыстық духовкада тұтануы мүмкін. Құрамында спирт жоғары сусындар бар тамақтарды ешқашан әзірлеменіз. Құрамында спирт жоғары сусындардың тек азғантай мөлшерін пайдаланыңыз. Құрылғы есігін жайлап ашыңыз.

Күйік алу қаупі бар!

- Құрылғының қол жетімді элементтері (бөлшектері) жұмыс кезінде қызуы мүмкін. Құрылғы элементтеріне (бөлшектеріне) тименіз. Балаларды аулақ ұстаңыз.
- Құрылғы есігін ашқанда ыстық бу шығуы мүмкін. Құрылғы есігін жайлап ашыңыз. Балаларды аулақ ұстаңыз.
- Ұстық жұмыс камерасында судан бу пайда болуы мүмкін. Ұстық жұмыс камерасына су құймаңыз.

Жарақат алу қаупі бар!

Құрылғы есігінің сызат түскен шынысы сыйнуы мүмкін. Шыныға арналған қырғышты, күшті немесе абразивті жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Ток соғу қаупі бар!

- Білікті емес маманның жөндеуі қаупіті. Жөндеуді тек біздің клиенттерге қызмет көрсететін тәжірибелі техниктердің біреуі фана орындан алады. Құрылғы ақаулы болса, ашаны розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз. Сервистік қызметке қонырау шалыңыз.
- Құрылғының ыстық беттерінде кабель изоляциясы еріп кетуі мүмкін. Ешқашан қосқыш кабельдің ыстық құрылғыға тиуіне жол берменіз.
- Енетін ылғал ток соғуына әкелуі мүмкін. Қысымы жоғары тазалағыштарды пайдаланбаңыз.
- Жұмыс камерасындағы шамды ауыстырғанда шам патронында кернеу болады. Ауыстыру алдында сақтандырғыштар блогын өшіріңіз.
- Ақаулы құрылғы ток соғуына әкелуі мүмкін. Ақаулы құрылғыны ешқашан қоспаңыз. Ашаны розеткадан суырыңыз немесе сақтандырғыштар блогындағы сақтандырғышты өшіріңіз. Сервистік қызметке қонырау шалыңыз.

Әрт қаупі бар!

- Тамақтың, майдың және ет сөлінің бос қалдықтары өзіндік тазалау кезінде тұтануы мүмкін. Өз өзіндік тазалау алдында үлкен кірлерді жұмыс камерасынан және құралдардан кетіріңіз.
- Өзіндік тазалау кезінде құрылғының сырты қатты қызады. Есік тұтқасына тұтанғыш заттарды, мысалы, асхана сұлгілерін, ілменіз. Құрылғының алдыңғы тақтасын босатыңыз. Балаларды аулақ ұстаңыз.

Күйік алу қаупі бар!

- Өзіндік тазалау кезінде жұмыс камерасы өте ыстық болады. Ешқашан есікті ашуды немесе бекіту ілгегін жылжытуды қолмен орында маңыз. Құрылғының салқындауына мүмкіндік беріңіз. Балаларды аулақ ұстаңыз.
- Өзіндік тазалау кезінде құрылғының сырты қатты қызады. Құрылғының есігіне тименіз. Құрылғының салқындауына мүмкіндік беріңіз. Балаларды аулақ ұстаңыз.

Зақымдардың себептері

Назар аударыңыз!

- Жұмыс камерасының түбіндегі құралдар, фольга, пергамент қағазы: құралдарды жұмыс камерасының түбіне қоймаңыз. Жұмыс камерасының түбіне кез келген түрге жататын фольганы немесе пергамент қағазын тесеменіз. 50 °C асатын температура орнатылған болса, жұмыс камерасының түбіне ыдыс қоймаңыз. Бұл жылуудың тым көп жиналуына әкеледі. Пісіру немесе қуыру уақыты бұзылып, эмальдың зақымдануына әкеледі.
- Үстік жұмыс камерасындағы су: үстік жұмыс камерасына ешиқашан су құймаңыз. Бу пайда болады. Температуралардың өзгеруі эмальдың зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Үлганды азық-түлік: үлганды өнімдерді жабық жұмыс камерасында ұзак уақыт бойы ұстамаңыз. Эмаль зақымдалады.
- Жеміс шырыны: жеміс пирогы өте шырынды болса, табага онша көп салынды салмаңыз. Жеміс шырыны табага ағып,

кетіру мүмкін емес дақтарды қалдырады. Мүмкіндігінше теренірек әмбебап табаны пайдаланыңыз.

- Духовка шкафын ашық есікпен салқындау: жұмыс камерасын тек есік жабық кезде салқындау керек. Тіпті құрылғының есігі аздап ашық болса да, уақыт өте көле маңайдағы жиһаз беттері зақымдалуы мүмкін.
- Есік тығыздағышы қатты ласталған: есік тығыздағышы қатты ласталған болса, құрылғы есігі дұрыс жабылмайды. Іргелес жиһаз беттері зақымдалуы мүмкін. Есік тығыздағышын әрқашан таза ұстаныз.
- Духовка шкафының есігін орындық немесе сере ретінде пайдалану: есікке отырманыз, ештеңе қоймаңыз және ілменіз. Духовка шкафының есігіне ыдысты немесе құралдарды қоймаңыз.
- Құралдарды орнату: құрылғының түріне байланысты құралдар есікті жапқанда есіктің панеліне сызат түсіру мүмкін. Әрқашан құралдарды жұмыс камерасына сонына дейін орнатыңыз.
- Құрылғыны тасымалдау: құрылғыны есігінің тұтқасынан алып жүргүре немесе ұстауға болмайды. Есік тұтқасы құрылғы салмағын ұстамайды және сынуы мүмкін.


Жаңа духовка шкафының

Мұнда духовка шкафының танысасыз. Біз сізді басқару тақтасымен және жекелеген басқару элементтерімен

таныстырамыз. Сіз жұмыс камерасы және құралдар туралы ақпарат аласыз.

Басқару тақтасы

Мұнда басқару тақтасына шолуды аласыз. Конфигурация сәйкес құрылғы түріне байланысты.



Түсініктемелер

- | | |
|---|--------------------------------|
| 1 | Функциялар ауыстырып-қосқышы |
| 2 | Басқару түймелері және дисплей |
| 3 | Температура реттегіші |

Ауыстырып-қосқыш тұтқалар

Ауыстырып-қосқыштың тұтқаларын өшірілген күйде батыруға болады. Ойықта кіргізу және шығару үшін ауыстырып-қосқыш тұтқасын басыңыз.

Функциялар ауыстырып-қосқышы

Функциялар ауыстырып-қосқышының көмегімен духовканың қыздыру түрін орнатыңыз. Функциялар ауыстырып-қосқышы солға және онға бұрылады.

Қажет қыздыру түрі орнатылғанда, духовкада шам жанады.

Күй	Функция
0	Өшірулі
<input checked="" type="checkbox"/>	Жоғарғы/төменгі ыстық
<input checked="" type="checkbox"/>	3D ыстық ауа режимі*
<input checked="" type="checkbox"/>	Пицца денгейі
<input checked="" type="checkbox"/>	Төмен қызыту
<input checked="" type="checkbox"/>	Айналатын ауда пісіру
<input checked="" type="checkbox"/>	Теріс беттегі гриль, шағын бет
<input checked="" type="checkbox"/>	Теріс беттегі гриль, үлкен бет
<input checked="" type="checkbox"/>	Еріту
<input checked="" type="checkbox"/>	Тез қыздыру

* EN50304 стандартындағы қуатты үнемдеу сыныбына сай қыздыру түрі.

Басқару түймешелрі мен бейнебет

Түймешелер түрлі қосымша функцияларды реттеуге арналған. Индикатор панелінде орнатылған көлемдер көрсетіледі.

Түймешік	Пайдалану
<input checked="" type="checkbox"/> Уақыттық функциялар	Таймер <input checked="" type="checkbox"/> , пісіру уақыты <input checked="" type="checkbox"/> , өшу уақыты <input checked="" type="checkbox"/> мен сағат <input checked="" type="checkbox"/> таңдаңыз.
<input checked="" type="checkbox"/> Балалардан сактау жүйесі	Басқару панелін құлыштау және құлпын ашу.
- Минус	Орнатылған басқыштарды азайту.
+ Плюс	Орнатылған басқыштарды көбейту.

Көрсеткіштер панелінде [] жақшаларында белсенді функция таңбасын көрсетеді.

Түймелер

Кейір түймелердің астында сенсорлар орналасқан. Оларды тым қатты баспаңыз. Жай сәйкес таңбаға тиіңіз.

Температура реттегіші

Температура реттегішінің көмегімен температуралы және гриль денгейін орнатыңыз.

Күй	Функция
<input checked="" type="radio"/>	Нөл қүйі
50-270	Температуралар ауқымы
1, 2, 3	Гриль режимі

Духовканы қыздыру кезінде дисплейде температура таңбасы жанады. Егер қыздыру үзілсе, таңба өшеді. Кейір реттеулерде ол жанбайды.

Гриль режимі

Теріс бетте куырганда температура реттегішінің көмегімен гриль денгейін орнатыңыз.

Жұмыс камерасы

Жұмыс камерасында духовка шкафының шамы орналасқан. Салқындуату желдеткіші духовка шкафын қызып кетуден қорғайды.

Духовка шкафындағы шам

Духовка шамы духовка жұмыс істегендеге жанып тұрады. Функциялар ауыстырып-қосқышын көз келген күйге бұрғанда, шам тіпті духовка қызып жатпаса да қосылады.

Салқындуату желдеткіші

Салқындуату желдеткіші қажет кезде қосылады және өшеді. Жылы ауа есікарқылы шығады.

Жұмыстан кейін қыздыру камерасы тезірексалқындауы үшін желдеткіш белгілі бір уақыт бойы жұмыс істейді.

Назар аударыңыз!

Желдету тесіктерін жаппаңыз. Әйтпесе духовка шкафы қызып кетеді.


Құралдарыңыз

Жеткізу жинағына кіретін құралдар тамақтардың көпшілігі үшін жарайды. Құралдар жұмыс камерасына әрқашан дұрыс қойылуына көніл бөлініз.

Кейбір тамақтар бұрынғыдан да жақсырақ болуы немесе духовка шкафымен жұмыс бұрынғыдан да ынғайлырақ болуы үшін көптеген арнайы құралдар бар.


Жабдықтарды жылжытып салу

Жабдықты пешке 4 түрлі биіктіктерде салу мүмкін. Жабдықтарды өрдайым тірелгенше есік әйнегін тимейтіндей етіп жылжытыңыз.



Жабдық жартысына шейін шыққанда тіреледі. Енді тағамдарды қолай алу мүмкін.

Пешке жылжытуда жабдық артындағы ойыққа назар аударыңыз. Тек осы әдісте ол тіреледі.



2-биіктіктері шығару бағыттауыштарымен жабдықты толық шығару мүмкін.

Бағыттауыштар толық шыққанда құрылғы үлгісіне байланысты ретте оларды қері жылжыту керек. Осылай жабдықтарды қолай

жылжыту мүмкін. Бекіту аспабын ашу үшін бағыттауыштарды аз басып пеш ішіне жылжытыңыз.

Нұсқау: Жабдықтар пішіні ыстықта өзгеруі мүмкін. Жабдық сұығаннан соң пішіні қалыптына қайтады. Функциясына есер етілмейді.

Табаны екі жағынан екі қолмен және сөргеге параллель кіргізің. Табаны орнату кезінде табаның онға немесе солға жылжуын болдырманыз. Әйтпесе табаны кіргізу қыны болады.

Эмальдалған беттер закымдалуы мүмкін.

Құралдарды сервистік қызметтен, арнайы дүкеннен немесе интернет арқылы сатып алуға болады. HEZ номірін хабарлаңыз.

Шілдер

Ұйдыс, пирог пішіндері, құырмалар, стейк және тоқазытылған тамақтар үшін.

Шілдерді ашық жағымен пеш есікшесіне қарай ал бүгілісімен тқмен қарай — салыңыз.

Эмальданған таба

Пирог және печеньелер үшін.

Пісіру табасы пеш есікшесі жағына қисатып салыңыз.

Әмбебап таба

Шырынды пирог, печенье, тоқазытылған тамақтар және үлкен құырмалар үшін. Оны май түсітен түпкімдегі ретінде пайдалану мүмкін, егер тұра шілтер үстіндегі құырсаныз.

Әмбебап табаны пеш есікшесі жағына қисатып салыңыз.

Арнайы құралдар

Арнайы құралдарды сервистік қызметте немесе арнайы дүкенде сатып алуға болады. Духовканы үшін қолайлы өнімдерді интернетten немесе біздін брошюралардан таба аласыз. Арнайы құралдардың қол жетімділігі немесе интернет арқылы тапсырыс беру мүмкіндігі елге байланысты өзгеріп отырады. Бұл туралы акпаратты сату туралы құжаттарда табуға болады.

Кейбір арнайы құралдар кейбір құрылғылар үшін жарамайды. Сатып алу кезінде құрылғының атасын (E-Nr.) көрсетіңіз.

Арнайы құралдар	HEZ номірі	Функция
Тор	HEZ 434000	Ұйдыс, пирогтардың қалыптары, құырдақ өзірлеу, грильде қуыру және терен қатырылған тамақтар үшін.
Алюминий таба	HEZ 430001	Пирогтар және печенье үшін. Қигаш бөлігі бар табаны духовкаға қигаш бөлігін есікке қаратып салу керек.
Эмальдалған таба	HEZ 431001	Пирогтар және печенье үшін. Қигаш бөлігі бар табаны духовкаға қигаш бөлігін есікке қаратып салу керек.
Әмбебап таба	HEZ 432001	Шырынды пирогтар, печенье, көп құырдақ және терен қатырылған тамақтар үшін. Сондай, тор астында майды және ет селін жинау үшін пайдалануға болады. Әмбебап табаны духовка шкафына есікке көлбейу етіп орнатыңыз.

Духовканың есігі - қосымша қауіпсіздік шаралары

Әзірлеу уақыты ұзағырақ болса, духовка есігі өте ыстық болуы мүмкін.

Егер кішкентай балаларыңыз бар болса, духовка жұмыс істегендеге ерекше көніл бөлү керек.

Бұған қоса, сізге духовка есігіне тікелей тиуді болдырмайтын корғағыш құрал қамтамасыз етіледі. Бұл арнайы құралды (440651) сервистік қызметтен сатып алуға болады.

Бірінші рет пайдалану алдында

Мұнда бірінші рет тамақтарды өзірлеу алдында духовка шкафымен не істеге керек екенін білесіз. Алдымен Қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулар тарауын оқыңыз.

Уақытты орнату

- Духовка қосылғаннан кейін дисплейде жыпылықтайтын таңбасы және төрт нөл көрсетіледі. Уақытты орнатыңыз.
1. түймесін басыңыз.
 - Дисплей **12:00** уақытын көрсетеді.
 2. Уақытты + немесе - түймелерінің көмегімен орнатыңыз.
 - Бағдарламаланған уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі.

Духовка шкафын қыздыру

Жаңа құрылғының ісін көтіру үшін бос духовка шкафын қыздырыңыз. Бұл жағдайда шкафты Жоғарғы/төменгі ыстық режимінде 240 °C температурасында қыздыру тамаша шешім болып табылады. Жұмыс камерасында орама қалдықтары болмауын қадағалаңыз.

Пеш қыздырганда асхананы желдетіңіз.

1. Функциялар аудыстырып-қосқышының көмегімен Жоғарғы/төменгі ыстық режиміне орнатыңыз.
2. Температура реттегішінің көмегімен 240 °C мәнін орнатыңыз.
- Бір сағаттан кейін духовка шкафын ешіріңіз. Бұл үшін функциялар аудыстырып-қосқышын нөлге орнатыңыз.

Құралдарды тазалау

Құралды бірінші рет пайдаланбай тұрып ыстық сабынды сумен және жұмсақ шүберекпен мұқият тазалаңыз.

Духовканы бағдарламалау


Духовканы бағдарламалаудың өр түрлі жолдары бар. Қыздыру түрін, температураны немесе гриль қуатын бағдарламалау.

Духовкада өр тамақ үшін өзірлеу уақытын (ұзақтық) және аяқталу уақытын бағдарламалауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін Уақыт функцияларын орнату тарауын қарандыз.


Қызу түрі мен температурасын орнату.

Суреттегі мисал: жоғарғы/төменгі қызыту 190 °C.

1. Қызметті таңдау арқылы, қызу түрін орнату.



2. Температурасын таңдау арқылы температураны немесе грильде пісіру деңгейін орнату.



Пеш қыза бастайды.

Духовка шкафын өшіру

Функциялар аудыстырып-қосқышын нөл қойіне орнатыңыз.

Реттеулерді өзгерту

Қажет болса, қыздыру түрін, температураны және гриль деңгейін таңдауға болады.

Тез қыздыру

Тез қыздыру көмегімен духовкада орнатылған температурага тез жетуге болады.

Тез қыздыруды тек 100 °C жоғары температуralар үшін пайдаланыңыз.

Біркелкі өзірлеуді қамтамасыз ету үшін тамақты духовкаға тек тез қыздыру аяқталғаннан кейін қойыңыз.

1. Функциялар аудыстырып-қосқышын күйіне қойыңыз.

2. Температура реттегішінің көмегімен температураны орнатыңыз.

Духовка бірнеше секундтан кейін қосылады. Термостаттың үстінде индикатор шам жанады.

Тез қыздыруды аяқтау

Температурааудыстырып-қосқышының үстінде индикатор шам өshedі. Тамақты духовкаға салыңыз және қажет қыздыру түрін орнатыңыз.

Тез қыздыруды болдырмау

Функциялар аудыстырып-қосқышын нөлге орнатыңыз. Духовка шкафын ешіріледі.

Уақыт функцияларын орнату

Бұл духовканың әр түрлі уақыт функциялары бар. Ⓛ сенсоры мәзірді белсендіреді және әр түрлі функциялар арасында жылжытады. Параметрлерді бағдарламалап жатқанда уақыт таңбалары жаңып тұрады. Тік жақша [] таңдалған уақыт функциясын көрсетеді. Уақыт таңбасы тік жақша [] ішінде орналасқан болса, бар бағдарламаланған уақыт функциясын тікелей + немесе - сенсорларының көмегімен өзгертуге болады.

Таймер

Таймер духовкаға тәуелсіз жұмыс істейді. Таймердің өзінің дыбыстық сигналы бар. Оны уақыттың таймер үшін немесе автоматты духовканы өшіру аяқталуы (әзірлеу уақыты) үшін орнатылғаның ажырату үшін пайдалануға болады.

1. Ⓛ түймесін бір рет басыңыз.

Дисплей тақтасында уақыт таңбалары жанады, Ⓜ жаңында тік жақша болады.

2. Таймерді + немесе - түймесін пайдаланып орнатыңыз.

+ түймесі үшін ұсынылатын мән = 10 минут.

- түймесі үшін ұсынылатын мән = 5 минут.

Бағдарламаланған уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі.

Таймер үшін орнатылған уақыттың көрсетеді.

Дисплей тақтасында [⌚] таңбасы жанады және таймердің орындану барысы көрсетіледі. Басқа уақыт таңбалары өшеді.

Таймер үшін орнатылған уақыт өтіп кетті

Дыбыстық сигнал естіледі. Дисплей тақтасы 00:00 көрсетеді.

Таймерді Ⓛ түймесін пайдаланып өшіріңіз.

Таймердегі уақытты өзгерту.

Таймер үшін орнатылған уақытты + немесе - түймелерін пайдаланып өзгертиңіз. Жаңа уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі.

Таймерді болдырмау

Таймерді 00:00 дегенге - түймесінің көмегімен ысыру. Жаңа уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі. Таймер өшеді.

Уақыт параметрлерін көру

Егер бірнеше уақыт функциясы бағдарламаланған болса, дисплей тақтасында сәйкес таңбалар жанады. Алдыңғы фондағы уақыт функциясының таңбасы жақшада болады.

Таймерді Ⓜ, әзірлеу уақытын Ⓝ, аяқталу уақытын Ⓞ немесе нақты уақытты Ⓟ көру үшін Ⓛ сенсорын қажет таңба жақшага алынғанша қайта-қайта басыңыз. Сәйкес мән дисплей тақтасында бірнеше секунд бойы көрсетіледі.

Пісіру уақыты ұзақтығы

Пеште әрбір тамақ пісіру ұзақтығын бағдарлау мүмкіндігі бар. Пісіру уақыты еткеннен соң пеш автоматты ретте өшеді. Солай пешті өшіру үшін басқа жұмыстарды тоқтату крек болмайды немесе пісіру уақыты артып кетпейді.

Суреттегі мысал: Пісіру ұзақтығы 45 минут.

1. Қызыметті таңдау арқылы, қызу түрін орнату.

2. Температурасын таңдау арқылы температуралы немесе грильде пісіру деңгейін орнату.

3. Ⓛ түймешесін екі рет басыңыз.


Көрсеткіш панелінде 00:00 таңбалары шығады. Уақыт таңбалары жаңып тұрады, Ⓝ жақшалар айналасында пайда болады.



4. Пісіру уақытын + немесе - түймешелерімен реттеу.

+ түймешесі үшін ұсынылған көлем = 30 минут

- түймешесі үшін ұсынылған көлем = 10 минут



Пеш бірнеше секундтан соң қосылады. Индикатор панелінде пісіру уақыты азайып [⌚] белгісі жанады. Қалған уақыт белгілері жоюлады.

Әзірлеу уақыты аяқталды

Дыбыстық сигнал естіледі. Духовка қыздыруды тоқтатады. Дисплей тақтасы 00:00 индикаторын көрсетеді. Ⓛ түймесін басыңыз. + немесе - түймелерінің көмегімен жаңа әзірлеу уақытын бағдарламаланыз. Я болмаса Ⓛ түймесін екі рет басыңыз және функцияны басқару тұтқасын нөл параметріне бұрыңыз. Духовка өшірілуі.

Әзірлеу уақытын өзгерту

Әзірлеу уақытын + немесе - түймелерінің көмегімен өзертіңіз. Жаңа уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі. Егер таймер бағдарламаланған болса, алдымен Ⓛ түймесін басыңыз.

Әзірлеу уақытын

Әзірлеу уақытын 00:00 деп ысыру - түймесінің көмегімен ысыру. Жаңа уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі. Уақыт болдырылмады. Егер таймер бағдарламаланған болса, алдымен Ⓛ түймесін басыңыз.

Уақыт параметрлерін көру

Егер бірнеше уақыт функциясы бағдарламаланған болса, дисплей тақтасында сәйкес таңбалар жанады. Алдыңғы фондағы уақыт функциясының таңбасы жақшада болады.

Таймерді Ⓜ, әзірлеу уақытын Ⓝ, аяқталу уақытын Ⓞ немесе нақты уақытты Ⓟ көру үшін Ⓛ сенсорын қажет таңба жақшага алынғанша қайта-қайта басыңыз. Сәйкес мән дисплей тақтасында бірнеше секунд бойы көрсетіледі.

Өшірлеу уақыты


Пеште тамақ пісітін уақытты бағдарлау мүмкінлігі бар. Пеш автоматты қосылып орнатылған уақыттан соң өshedі. Мысалы, азанда тағамды пісіру камерасына салып пешті ол түстікте дайын болатын етіп бағдарламалашу мүмкін.

Азық ұзак уақыт пеште тұрса бұзылмауына көз жектізіңіз.

Суреттегі мысал: сағат 10:30, пісіру уақыты 45 минут болып пеш сағат 12:30 өshedі.

1. Функция таңдаушысын реттеу.
2. Температура реттеушісін реттеу.
3. ⓧ түймешесін екі рет басыңыз.
4. Пісіру уақытын + немесе – түймешелерімен реттеу.
5. ⓧ түймешесін басыңыз.

Жақшалар ⓧ қасында орналасқан. Тағамдар дайын болатын уақыт көрсетіледі.



6. Өшірлеу уақытын + немесе – түймешелерімен артқа реттеу.



Пеш бірнеше секундтан соң реттелген уақытты көрсетіп күті режимінде қалады. Көрсеткіштер панелі тағамдар дайын болатын уақытты көрсетіп ⓧ белгісі жақшаларда пайда болады. ⓧ мен ⓧ белгілері жойылады. Пеш қосылғанда пісіру уақыты кемеюі көрсетіліп ⓧ белгісі жақшаларда пайда болады. ⓧ белгісі өshedі.

Әзірлеу уақыты аяқталды

Дыбыстық сигнал естіледі. Духовка қыздыруды тоқтатады. Дисплей тақтасы 00:00 индикаторын көрсетеді. ⓧ түймесін басыңыз. + немесе – түймелерінің көмегімен жаңа әзірлеу уақытын бағдарламаланыз. Я болмаса ⓧ түймесін екі рет басыңыз және функцияны басқару тұтқасын нөл параметріне бұрыңыз. Духовка өшірүлі.

Аяқталу уақытын өзгерту

Аяқталу уақытын + немесе – түймелерін пайдаланып өзгертиңіз. Жаңа уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі. Егер таймер бағдарламаланған болса, алдымен ⓧ түймесін екі рет басыңыз. Әзірлеу уақытының көрі санағы басталып қойылған болса, аяқталу уақытын өзгертпеніз. Соңғы нәтиже бірдей болмауы мүмкін.

Аяқталу уақытын болдырмау

– түймесін басы арқылы аяқталу уақытын ағымдағы уақытқа ысырыңыз. Жаңа уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі. Духовка қосылады. Егер таймер бағдарламаланған болса, алдымен ⓧ түймесін екі рет басыңыз.

Уақыт параметрлерін көрү

Егер бірнеше уақыт функциясы бағдарламаланған болса, дисплей тақтасында сәйкес таңбалар жанады. Алдыңғы фондағы уақыт функциясының таңбасы жақшада болады.

Таймерді ⓧ, әзірлеу уақытын ⓧ, аяқталу уақытын ⓧ немесе нақты уақытты ⓧ көрү үшін ⓧ сенсорын қажет таңба жақшага альғанша қайта-қайта басыңыз. Сәйкес мән дисплей тақтасында бірнеше секунд бойы көрсетіледі.

Уақыт

Духовка қосылғанда немесе қуат үзілгеннен кейін дисплей тақтасында жылдылықтайтын ⓧ таңбасы және төрт нөл көрсетіледі. Уақытты орнатыңыз.

1. ⓧ түймесін басыңыз.

Дисплей тақтасы 12:00 уақытын көрсетеді.

2. Уақытты + немесе – түймелерінің көмегімен орнатыңыз.

Бағдарламаланған уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі.

Уақытты өзгерту

Басқа уақыт функциясын бағдарламалау мүмкін емес.

1. ⓧ түймесін төрт рет басыңыз.

Дисплей тақтасында уақыт таңбалары жанады, ⓧ жанында жақша болады.

2. Уақытты + немесе – түймелерінің көмегімен реттепніз.

Бағдарламаланған уақыт бірнеше секундтан кейін көрсетіледі.

Сағат индикациясын өшірү

Сағат индикациясын өшіруге болады. Бұл туралы Негізгі реттеулерді өзгерту тараудан қараныз.

Балалардан қорғау құлпы

Духовкада кездейсоқ қосылуын болдырмауға арналған балалардан қорғау құлпы бар.

Пеш ешбір реттеуге өсер етпейді. Балалардан қорғау құлпы қосулы кезде таймер мен уақытты бағдарламалауға болады.

Қыздыру түрі және температура немесе гриль деңгейі бағдарламаланған болса, балалардан қорғау құлпы қыздыруды өшіреді.

Балалардан қорғау құлпын белсендіру

Әзірлеу уақыты немесе аяқталу уақыты өлі орнатылмаған болуы керек.

⌚ түймесін шамамен төрт секунд бойы басыңыз.

Дисплей тақтасы ⌚ таңбасын көрсетеді. Балалардан қорғау құлпы енді белсендірледі.

Балалардан қорғау құлпын өшіру

⌚ түймесін шамамен төрт секунд бойы басыңыз.

Дисплей тақтасында ⌚ таңбасы өshedі. Балалардан қорғау құлпы енді өшіріледі.

Негізгі параметрлерді өзгерту

Бұл духовканың әр түрлі негізгі параметрлері бар. Параметрлерді пайдалануышының қажеттіліктеріне сай бейімдеуге болады.

Негізгі параметрлер	Таңдау 1	Таңдау 2	Таңдау 3
c^1 Уақыт индикаторы	әрқашан*	тек түмем көмегімен 	-
c^2 Әзірлеу уақыты немесе таймерде орнатылған уақыт өткеннен кейінгі сигналдың ұзақтығы	шамамен 10 секунд	шамамен 2 минут*	шамамен 5 минут
c^3 Параметр қолданылуға дейінгі уақыт	шамамен 2 секунд	шамамен 5 секунд*	шамамен 10 секунд

* Әдепті параметр

Басқа уақыт функциясын бағдарламалау мүмкін емес.

1. түймесін шамамен 4 секунд бойы басыңыз.

Дисплей тақтасы уақыт үшін ағымдағы негізгі параметрді көрсетеді, мысалы, 1 таңдау үшін c^1 .

2. Негізгі параметрді $+$ немесе $-$ түймелерін пайдаланып орнатыңыз.

3. түймесінің көмегімен растаңыз.

Дисплей тақтасы көлесі негізгі параметрді көрсетеді. түймесін пайдаланып деңгейлерді таңдаңыз және $+$ немесе $-$ түймелерін пайдаланып параметрді орнатыңыз.

4. түймесін шамамен 4 секунд бойы басыңыз.

Барлық негізгі параметрлер қолданылады.

Негізгі параметрлерді кез келген уақытта қайтадан өзгертуге болады.

Күту және тазалау

Мұқият күтсі және тазаласа, духовка шкафы ұзақ уақыт бойы жылтырын және функционалдылығын сақтайды. Духовка шкафын дұрыс күту туралы осында білесіз.

Нұсқаулар

- Шыны, пластик және металл сияқты әр түрлі материалдар пайдаланылғандықтан, духовка шкафының алдыңғы панелінің түсінде азғантай айырмашылықтар болуы мүмкін.
- Есік шынысындағы су іздері сияқты болып көрінетін көленкелер духовка шкафындағы шамнан шағылысқан жарықтан болады.
- Өте жоғары температураларда эмаль жанып кетуі мүмкін. Осының салдарынан эмаль түсінде азғантай айырмашылықтар болуы мүмкін. Бұл қалыпты және қызмет етуге әсер етпейді. Жұқа табаның жиектері эмальмен толығымен жабылмаған. Сондықтан олар қатпарлы болады. Бұл коррозиядан қорғанышқа әсер етпейді.

Жұғыш заттар

Беттер дұрыс емес тазалау заттармен зақымдалмауы үшін келесі акпаратқа назар аударыңыз.

Духовканы тазалағанда

- агрессивті немесе абразивті тазалағыш заттар
- құрамында спирт көп ешбір жұғыш заттарды, ешбір қырғыштарды,
- ешбір қысымы жоғары тазалағыштарды немесе бу тазалағыштарын пайдалануға болмайды.
- Жекелеген элементтерді ыдыс жуу машинасында тазаламаңыз.

Бірінші рет пайдаланбай тұрып жаңа губкаларды мұқият жуыңыз.

Басқару панели

Ыстық сілті ерітіндісі:
Жуатын шуберекпен тазалап жұмсақ шуберекпен көптіріңіз. Ешқандай шыны тазалайтын құралмен, металлды қырғышпен тазалауға болмайды.

Тот баспайтын болаттық аймақтар Жылы сілті ерітіндісі және жұмсақ шуберекпен тазалаңыз. Тот баспайтын болаттық аймактарды әрдайым тәбиғи текстураға сәйкес ретте сүртіңіз. Әйтпесе сызат пайда болуы мүмкін. Жұмсақ шуберекпен көптіріңіз. Қақ, май, крахмал, жұмыртқа қалдықтарын дереу тазалаңыз. Ешқандай ысқылау құралдарын, тырнайтын губкаларды немесе дөрекі тазалау шуберектерін пайдаланбаңыз. Тот баспайтын болаттық беттін арнайы күті құралдарымен жылтыратыныз. Шығарушы нұсқауларын орындаңыз. Қызмет көрсету немесе арнайы сауда дүкендерінде болат тазалау құралдары бар.

Эмальдалған және лакталған беттер

Бұрама түймешелер Жылы сілті ерітіндісі және шуберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шуберекпен құрғатыңыз.

Әйнек Әйнек тазартқышпен тазалаңыз. Ешқандай агрессивті тазалау құралдарын немесе өткір метал заттарды пайдаланыңыз. Олар әйнектің беттін қырып зақымдауды мүмкін.

Герметизация Жылы ылғалды шуберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шуберекпен көптіріңіз.

Пеш түбі, қақпағы және жан қабырғалары Жылы сілті ерітіндісі немесе сірке сусы. Қатты ластану жағдайында: пеш тазалау құралын тек салқындаған беттерде пайдаланыңыз. Ешқашан артқы қабырғага салмаңыз.

Пеш шамының әйнекті каптамасы Жылы сілті ерітіндісі және шуберекпен сүртіңіз. Жұмсақ шуберекпен құрғатыңыз.

Жабдықтар Жылы сілті ерітіндісімен жұмсатыңыз. Щетка немесе губкамен тазалаңыз.

**Алюминий
пісіру табасы
(опциялық)**

Ыдыс жуатын машинада тазаламаныз. Ешқашан пеш тазалау құралын пайдаланбаңыз. Сызаттардын алдын алу үшін метал беттерді ешқашанышақ, немесе ол сияқты өткір заттармен тименеңіз. Аз тазалау құралымен және ылғалды шыны тазалау шүберекпен және қатты баспай тазалаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғақ сұртіңіз. Ешқандай ысқылау құралдарын, тырнайтын губкаларды немесе дөрекі тазалау шүберектерін пайдаланбаңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғақ сұртіңіз. Ешқандай ысқылау құралдарын, тырнайтын губкаларды немесе дөрекі тазалау шүберектерін пайдаланбаңыз. Әйтпесе сызат пайда болуы мүмкін.

**Балалардан
сақтау жүйесі
(опциялық)**

Егер бала қауіпсіздігі құралы пеш есігінде орнатылған болса, оны тазалаудан алдын алып қою керек. Барлық пластмасса бөліктерді жылы сілті ерітіндісінде жумсатып жуатын губкамен жуыныз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыныз. Қатты ластану жағдайында бала қауіпсіздігі құралы дұрыс жұмыс істемейді.

Пісіру панелі

Күту мен тазалау нұсқауларын пісіру панелінің пайдалану нұсқаулығында табуга болады.

Өздігінен тазаланатын духовка беттерін тазалау

Артқы қабырға өздігінен тазаланатын керамикамен жабылған. Пісіру және қуыру кезіндегі шашырандыларды осы қабат сініреді және духовканы тазалау кезінде тазалайды. Температура неғұрлым жоғары болса, духовка неғұрлым ұзақ жұмыс істесе, нәтиже соғұрлым жақсылық болады.

Егер кір тіпті қайтадан жұмыс істеуден кейін де көрініп тұрса, келесі арекеттерді орындаңыз:

1. Алдымен духовкадағы эмальдалған беттерді тазалаңыз.
2. Содан кейін 3D ыстық аяу немесе жоғарғы және төменгі қызу режимін орнатыңыз.
3. Бос духовканы ең жоғары температурада шамамен 2 сағат бойы қыздырыңыз.

Керамикалық жабын қалпына келеді. Содан кейін қоңыр және қара қалдықтарды сумен және жұмсақ губкамен кетіруге болады.

Жабын түсіндегі азғантай айырмашылықтар өздігінен тазалау функциясына әсер етпейді.



Назар аударыңыз!

- Ешқашан абразивті тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Беттердің уақ тесіктері бар бетіне сызат түсіруініз немесе зақымдауыныз мүмкін.
- Өздігінен тазаланатын беттерде духовкалар тазалағыштарын қолданбаңыз. Духовкалар тазалағышы бұл беттерге кездейсоқ тисе, оны губкамен және судың көп мөлшерімен сұртіңіз.

Духовка шкафының есігін алу және орнату

Тазалау және демонтаждау үшін духовка шкафының есігін алуға болады.

Есіктің әр топасы бұғаттау іншірегімен жабдықталған. Бұғаттау іншіректері орнатулы кезде (A суреті), духовка шкафының есігі бұғаттаулы болады. Оны алу мүмкін емес. Бұғаттау іншіректерін қайырса (B суреті), топсалар бұғатталады. Есікті жабу мүмкін емес болады.





⚠ Жарақат алу қаупі бар!

Топсалар бұғатталмаса, есік тез жабылуы мүмкін. Орнату іншіректері толығымен орнатылған болуын, ал есікті алғанда толығымен қайырылған болуын қадағалаңыз.

Есікті алу



1. Духовка шкафының есігін толығымен алыңыз.
2. Оң жактағы және сол жактағы бұғаттау іншіректерінің екеуін де қайырыныз (A суреті).
3. Духовка шкафының есігін сонына дейін жабыңыз. Оны екі қолмен сол жактан және он жактан ұстаңыз. Тағы біраз жауып, есікті шығарыныз (B суреті).




Есікті орнату

Есікті алуға кері ретпен орнатыныз.

1. Духовка шкафының есігін топсалардың екеуін де тесіктерге тұрақтама-қарсы орналасатындей орнатыныз (A суреті).
2. Топсадағы санылауды екі жағынан бекіту керек (B суреті).



3. Бұғаттау іншіректерінің екеуін де жабыңыз (C суреті). Духовка шкафының есігін жабыңыз.



⚠ Жарақат алу қаупі бар!


Духовка шкафының есігі түсіп қалса немесе топса сыналанып қалса, топсаға тименеңіз. Сервистік қызметке хабарласыныз.

Есік әйнектерін шығару және орнату

Дұрыс тазалау үшін пеш есігіндегі әйнектерді шешу мүмкін.

Ажырату

- Пеш есігін шешу. Ол үшін төмендегі бөлімді қараңыз Пеш есігін шешу. Пеш есігін тұтқасымен төменге шүберекке қойыңыз.
- Пеш есігінің жоғарысындағы қаптаманы алып қойыңыз. Ол үшін бармақтармен солға және онға басыңыз. Қаптаманы шығарыңыз (А суреті).
- Жоғарыдағы әйнекті көтеріп шығарыңыз (В суреті).




Әйнектерді әйнек тазартқышы мен жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

Жарақат алу қаупі бар!

Құрылғы есігінің сыралып шынысының мүмкін. Шыныға арналған қырғышты, күшті немесе абразивті жұғыш заттарды пайдаланбаңыз.

Орнату

- Жоғарығы әйнекті екі жағынан ұстап артқа қисатып жылжытыңыз. Әйнекті төмен жақтың ойықтарына жылжыту керек. Тегіс беті сыртта, ал бұдыр жағы ішінде болуы керек. (А суреті).



- Пеш есігінің жоғарысындағы қаптаманы орнатып басып қойыңыз. Шеттеріндегі ойықтар дұрыс тірелуіне көз жеткізіңіз.
- Пеш есігін қайта орнатыңыз. Ол үшін төмендегі бөлімді қараңыз Пеш есігін орнату.

Әйнектер дұрыс орнатылғаннан соңғана пешті қайта пайдаланыңыз.

Ақаулық бар болса не істеу керек?

Жиі ақаулықтың себебі болмашы нәрсе болады. Сервистік қызметке қонырау соқпай тұрып кестеге қараңыз. Мүмкін ақаулықты өз бетінізше жоя алатын шығарсыз.

Ақаулықтар кестесі

Тамақ, онша жақсы болмай шықса, Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік тарауын қараңыз. Онда тамакты әзірлеу туралы көп көнестер мен нұсқаулар табасыз.

⚠️ Ток соғы қаупі бар!

Білікті емес мамандың жөндеуі қауіпті. Жөндеуді тек біздің клиенттерге қызмет көрсететін тәжірибелі техниктердің біреуі ғана орынданай алады.

Ақаулық	Үқитимал себеп	Жою/нұсқаулар
Духовка шкафы жұмыс істе-мейді.	Сақтандырығыш ақаулы.	Сақтандырыштар блогында сақтандырыш ақаулы емес екенін тексеріңіз.
	Желіде кернеу жоқ.	Асханада жарық қосылады ма және басқа тұрмыстық күрүлғылар жұмыс істеп тұр ма, осыларды тексеріңіз.
Сағат индика-торы жыптылық-тайды	Желіде кернеу жоқ.	Сағатты қайтадан орнатыңыз.
Духовка шкафы қызылдармайды.	Түйіспелерге шаңның жина-луы.	Ауыстырып-қосқыш тұтқа-ларды бірнеше рет алға-артқа бұраныз.

Назар аударыңыз!

Куат сымы зақымдалса, оны өндірушінің сервистік қызметі немесе білікті маман ауыстыруы керек.

Қате туралы хабарлар

Дисплей тақтасы Е бар қате туралы хабарды көрсеткенде ⓐ түймесін басыңыз. Хабар кетеді. Орнатылған уақыт функциясы жойылады. Қате туралы хабар кетпесе, техникалық көмек көрсету қызметіне қонырау шалыныз.

Келесі қате туралы хабарларды пайдаланушы шеше алады.

Қате туралы хабар	Үқитимал себеп	Шешім/кеңес
Е011	Түйме тым ұзак басылған немесе тұрып қалған.	Түймелердің барлығын бір біреуден басып шығыңыз. Қандай да түйме тұрып қалғанын, жабылғанын немесе лас екенін тексеріңіз.

⚠️ Ток соғы қаупі бар!.

Дұрыс емес жөндеу қауіпті болуы мүмкін. Жөндеуді тек техникалық көмек көрсету қызметінің білікті мамандары өткізе алады.

Духовка шкафындағы шамды ауыстыру


Духовкадағы шам күйіп кетсе ауыстыру керек. Жоғары температураларға тәзімді, 40 Вт шамдарды сервистік қызметтен немесе арнайы дүкеннен сатып алуға болады. Тек осы шамдарды пайдаланыңыз.

⚠️ Ток соғу қаупі бар!

Сақтандырыштар блогындағы сақтандырышты өшіріңіз.

1. Зақымдарды болдырмау үшін салқын духовка шкафына асхана сұлгісін салыңыз.

2. Шыны плафонды сағат тіліне кері бұрап алыңыз.



3. Шамды түрі бірдей шамда ауыстырыңыз.

4. Шыны плафонды бұрап бекітіңіз.

5. Сұлгіні шығарып, сақтандырышты қосыңыз.

Шыны плафон

Зақымдалған шыны плафонды ауыстыру керек. Жарамды шыны плафондарды сервистік қызметтен сатып алуға болады.

Құрылғының құрылғы нөмірін (Е-нөмір) және зауыттық нөмірін (FD-нөмір) айтыңыз.

Сервистік қызмет

Егер құрылғыны жөндеу керек болса, біздің сервистік қызмет сіз үшін жасалған. Біз техниктердің қажет емес келулерін болдырмау үшін әрқашан жарайтын шешімді табамыз.

Өнім нөмірі және зауыттық нөмір

Сервистік қызметке қонырау шалғанда, біз сізге сапалы қызмет көрсете алуымыз үшін өнім нөмірін (E-Nr.) және зауыттық нөмірді (FD-Nr.) хабарлаңыз. Нөмірлер бар улгілік тақтайша он жақта, духовка шкафы есігінің бүйірінде орналасқан. Көп іздеу қажет болмауы үшін мұнда құрылғының деректерін және сервистік қызметтің телефон нөмірін жазуға болады.

Өнім нөмірі

Зауыттық нөмір

Сервистік қызмет ☎

Құрылғыны дұрыс емес пайдалану жағдайында тіпті кепілдік мерзімінде де сервистік қызмет технігінің келуі тегін емес екеніне назар аударыңыз.

Барлық елдер бойынша контакт мәліметтері сервистік қызмет қосыншасында берілген.

Қуатты үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау туралы ұсыныстар

Мұнда пісіру және қуыру кезінде қуатты үнемдеу және духовка шкафын дұрыс пайдалану туралы ұсыныстарды табасыз.

Қуатты үнемдеу

- Духовка шкафын рецептте немесе пайдалану нұсқаулығының кестелерінде көрсетілген болса ғана алдын ала қыздырыңыз.
- Пісіру үшін күнгірт, қара, лак жағылған немесе эмальдалған қалыптарды пайдаланыңыз. Олар жылуды өсіреле жақсы сініреді.
- Бұқтыру, пісіру және қуыру кезінде есікті мүмкіндігінше сирек ашаңызы.
- Бірнеше пирогты бірінен соң бірін пісірген жән. Духовка шкафы әлі жылы. Осынын есебінен екінші пирогты пісіру уақыты қысқарады. Тікбұрышты пішіні бар екі пирогты қатар қоюға болады.
- Ұзақ уақыт бойы өзірлегендеге духовка шкафын өшіруден 10 минут бұрын өшіруге және тамақты дайын күйге жеткізу үшін қалдық жылуды пайдалануға болады.

Экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялау

Ораманы экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жолмен утилизациялаңыз.



Бұл құрылғыда 2012/19/EU электр және электрондық жабдықты (коқыс электр және электрондық жабдық - WEEE) утилизациялау туралы еуропалық директиваға сәй белгісі бар.

Бұл директива Еуропалық Одақ шенберінде есқі құрылғыларды қайтару және утилизациялау тәртібін қамтамасыз етеді.

Тасымалдау кезінде орындалатын шаралар

Құрылғыдағы барлық қозғалатын бөліктерді ізсіз алуға болатын лентамен бекітіңіз. Құрылғының зақымдалуын болдырмау үшін жиектерін (мысалы, пісіру табасын) жуқа картон қағазбен ораныз, сәйкес бөлімдерге салыңыз. Ішкі қабырғаның әйнеке соғылуын болдырмау үшін картон қағазды немесе соған үкас нәрсені алдыңғы және артқы әйнек арасына салыңыз. Духовканың есігін жабысқақ лентамен құрылғының бүйірлік қабырғаларына бекітіңіз.

Бастапқы құрылғы орамасын сақтаңыз. Құрылғыны тек бастапқы орамада тасымалданыңыз. Орамадағы көрсеткілерді ескеріңіз.

Бастапқы орама енді жоқ болса

Тасымалдау кезіндегі ықтимал зақымдалудан қорғау үшін
құрылғыны қорғағыш орамаға ораңыз.
Құрылғыны тік күйде тасымалданызы. Құрылғы есігінің тұтқасын
немесе артқы тақталарды ұстамаңыз, ейткені олар зақымдалуы
мүмкін. Құрылғыға ауыр заттарды қоймаңыз.

Біз сіз үшін асханада сынақтар өткіздік

Мұнда тамақтардың көп түрін және олар үшін онтайлы
реттеулерді табасыз. Біз таңдалған тамақ үшін қандай қыздыру
түрі және қандай температура ен колайлы екенін көрсетеміз.
Қандай құралдарды пайдалану және оларды қандай деңгейге
орнату керектігі туралы ақпарат аласыз. Сіз ыдыс және тамақты
әзірлеу туралы көнестер аласыз.

Нұсқаулар

- Кестелерде көрсетілген мәндер тамақта сұық және бос жұмыс
камерасына орнатсаныз дұрыс.
- Алдын ала қыздыруды кестелерде көрсетілген болсағана
пайдаланыңыз. Құралдарға алдын ала қыздырудан кейінғана
пісіруге арналған қағазды төсөніз.
- Кестелерде көрсетілген уақыт туралы деректер стандартты
мәндер болып табылады. Олар өнімдердің сапасы мен
қасиеттеріне байланысты.
- Жеткізу жинағына кіретін құралдарды пайдаланыңыз.
Қосымша құралдарды сервистік қызметтөн немесе арнайы
дүккеннен сатып алуға болады.
Жұмысты бастанай тұрып барлық артық құралдарды және
ыдысты жұмыс камерасынан алыңыз.
- Ұыстық құралдарды немесе ыдысты жұмыс камерасынан
алғанда әрқашан тұтыштарды пайдаланыңыз.

Пирогтар және пісірілген нан

Бір деңгейде пісіру

Пирогтар мен торттарды пісіргендеге жоғарғы/төменгі қызу
режимі ен жақсы нәтиже береді.

3D ыстық ауа режимінде пісіргендеге құралды келесі биіктікке
орнатыңыз:

- Кекс қалыбындағы пирог: 2-сөрелер биіктігі
- Пісіру табасындағы пирог: 3-сөрелер биіктігі

Бірнеше деңгейде пісіру және қуыру

3D ыстық ауа режимін пайдаланыңыз.

2 деңгейде пісіру және қуыру үшін сөрелердің биіктігі:

- Өмбебап таба: 3-сөрелер биіктігі
- Пісіруге арналған таба: 1-сөрелер биіктігі

Духовкаға бір уақытта қойылған тамақтар міндетті түрде бірдей
уақытта дайын болмайды.

Кестелерде әр түрлі тамақтарды табасыз.

Пісіруге арналған қалып

Пісіруге арналған күнгірт металл қалыптар ен жақсы жарайды.

Жұқа материалдан жасалған ашық түсті қалыптарды
пайдаланғанда пісіру уақыты артады, ал пирог біркелкі
қызармайды.

Егер силикон қалыптарды пайдалансаңыз, өндірушінің
сипаттамаларын және рецептерін басшылыққа алыңыз. Жиі
силикон қалыптардың өлшемі көдімгі қалыптардан кішірек
болады. Сондықтан олар үшін қамырдың мөлшері мен рецептура
азадап басқаша болуы мүмкін.

Кестелер

Кестелерде пирогтар мен пісірілген нандар үшін онтайлы
қыздыру деңгейлерін табасыз. Температура және пісіру уақыты
қамырдың мөлшеріне және оның қасиеттеріне байланысты.

Сондықтан кестелерде мәндер аукымы көрсетіледі. Алдымен ен
аз мәнді орнатыңыз. Төменгірек температурада қызартудың
біркелкілігі көбірек болады. Қажет болса, келесі ретте жоғарырақ
температураны орнатыңыз.

Духовка шкафын алдын ала қыздырсаныз, пісіру уақыты 5 - 10
минутқа қысқарады.

Қосымша ақпаратты кестелерден кейін Пісіру туралы көнестер
тарауында табуға болады.

Қалыптағы пирог	Қалып	Денгей	Қыздыру түрі	Температура, °C	Уақыт, минут
Көдімгі май мен сұтке иленген пирог	Пирогқа арналған төрт-бұрышты қалып	2		160-180	55-65
Нәзік май мен сұтке иленген пирог (мысалы, үгілмелі пирог)	Пирогқа арналған төрт-бұрышты қалып	2		155-175	65-75
Бүйірлері үгілмелі қамырдан жасалған шелпек нан	Алынбалы қалып	1		160-180	30-40
Май мен сұтке иленген шелпектер	Жеміс пирогына арналған қалып	2		160-180	25-35
Бисквиттік торттар	Алынбалы қалып	2		160-180	30-40
Жеміс немесе сұзбе торты, май мен сұтке иленген үгілмелі қамыр*	қара алынбалы таба	1		170-190	70-90
Нәзік жеміс пирогы, май мен сұтке илен- ген қамыр	Алынбалы қалып	2		150-170	55-65
Татымды пирогтар* (мысалы, пісірілген крем қосылған пирогтар/пияз пирогы)	Алынбалы қалып	1		180-200	50-60

* Пирогтарды құрылғыда шамамен 20 минут бойы салқындастыңыз.

Табадағы пирогтар	Құралдар	Денгей	Қыздыру түрі	Температура деректері, °C	Уақыт, минут
Үсті құргақ май мен сүтке иленген немесе аштылған қамыр	Әмбебап таба	3	□	160-180	25-35
	Әмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3	◎	150-170	40-50
Жемістер қосылған май мен сүтке иленген немесе аштылған қамыр	Әмбебап таба	3	□	140-160	40-50
	Әмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3	◎	130-150	50-60
Бисквиттік рулет (алдын ала қыздыру)	Әмбебап таба	2	□	170-190	15-20
Бұрама нан, 500 г үн	Әмбебап таба	2	□	160-180	25-35
Рождестволық пирог, 500 г үн	Әмбебап таба	3	□	160-180	50-60
Рождестволық пирог, 1 кг үн	Әмбебап таба	3	□	150-170	90-100
Штрудель, тәтті	Әмбебап таба	2	□	180-200	55-65
Пицца	Әмбебап таба	3	□	180-200	20-30
	Әмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3	◎	150-170	35-45

* Екі денгейде пісіру кезінде әмбебап табаны әрқашан жоғарырақ денгейге қойыныз.

Нан және шағын бөлкелер

Егер пісіру туралы басқа нұсқаулар болмаса, әрқашан духовканы алдын ала қыздырыныз.

Ешқашан ыстық духовкаға су құйманыз.

Нан және шағын бөлкелер	Құралдар	Денгей	Қыздыру түрі	Температура, °C	Уақыт, минут
Ашытқымен жасалған нан, 1,2 кг үн	Әмбебап таба:	2	□	270	8
				190	35-45
Ашытқы қосылған нан, 1,2 кг үн	Әмбебап таба:	2	□	270	8
				190	35-45
Бөлкелер (мысалы, қара бидайдан жасалған бөлкелер)	Әмбебап таба:	2	□	200-220	20-30

Шағын печене	Құралдар	Денгей	Қыздыру түрі	Температура деректері, °C	Уақыт, минут
Печенье	Әмбебап таба	3	□	150-170	10-20
	Әмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3	◎	130-150	30-40
Безе	Әмбебап таба	3	◎	70-90	135-145
	Әмбебап таба	2	□	200-220	30-40
Бадам печене	Әмбебап таба	3	□	110-130	30-40
	Әмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3	◎	100-120	35-45
Қабат-қабат қамыр	Әмбебап таба	3	◎	190-210	20-30
	Әмальдалған таба + әмбебап таба*	1+3	◎	180-200	30-40

* Екі денгейде пісіргенде әрқашан әмбебап табаны әрқашан жоғарырақ денгейге қойыныз.

Пісіру туралы көңестер

Өз рецептініз бойынша пісіргіңіз келеді.	Пісірілген нан кестесіндегі ұқсас пісірілген нанды басшылыққа алыңыз.
Май мен сүтке иленген пирогтың пісу дәрежесін тексеру.	Рецепт бойынша белгіленген уақыттың өтінен 10 минут бұрын пирогты ең биік жерінде ағаш таяқшамен тесіңіз. Қамыр таяқшага жабыспаса, пирог дайын.
Пирог түсіп қалады.	Келесі рет азырақ сүйіктық қосыныз немесе духовка шкафының температурасын 10 градус төмен орнатыңыз. Рецепте көрсетілген қамырды илеу уақытын сақтаңыз.
Пирогтың ортасы ғана көтерілді, бүйірлері төмен.	Алынбалы қалыптың бүйірлеріне май жақпаңыз. Пісіргеннен кейін пирогты қалыптың қабыргаларынан жайлап бөліңіз.
Пирогтың үсті тым күнгірт.	Пирогты төменірек қойыңыз, азырақ температуралы орнатыңыз және пирогты аздал ұзағырақ пісіріңіз.
Пирог тым құргақ.	Тіс тазалағышпен дайын пирогта шағын тесіктер жасаңыз. Олардың әрқайсысына бір тамшы жеміс шырынын немесе бір алкогольдық сусынын құйыңыз. Келесі рет 10 градус көбірек температуралы тандаңыз және пісіру уақытын азайтыңыз.

Нан немесе пісрілген нан (мысалы, ватрушка) дайын болып көрінеді, бірақ іші піспеген (майлы, шикі қамыр бар).	Келесі рет азырақ сұйыктық қосыныз және төменірек температурада аздап үзағырақ пісріліз. Шырынды салындысы бар пирогтар үшін алдымен шеллек нанды пісрініз. Оған бадам немесе талқандалған кептірілген нан себініз, тек содан кейін салындыны салыңыз. Рецептті және пісіру уақытын сақтаңыз.
Пісірілген нан біркелкі қызармайды.	Аздап төменірек температуралы орнатыныз, сонда пісірілген нан біркелкі қызарады. Нәзік пісірілген нанды бірінші деңгейде Жоғарғы-/төменгі қыздыру <input checked="" type="checkbox"/> режимінде пісіріліз. Сондай-ақ, ауа айналымына пергамент қағазының шығып тұрған жиектері өсер етуі мүмкін. Әрқашан пергамент қағазын табаның өлшемдеріне сай кесініз.
Жеміс пирогының төменгі жағы ашық тусти.	Келесі рет пирогты бір деңгей төмен пісіруге салыңыз.
Жеміс шырыны агады.	Келесі рет, бар болса, теренірек өмбебап табаны пайдаланыңыз.
Ашықан қамырдан жасалған шағын бұйымдар пісірген кезде жабысып қалады.	Олардың арасындағы қашықтық шамамен 2 см болуы керек. Сонда пісіріліп жатқан бұйымдар жақсы, барлық жағынан қызаруы үшін жеткілікті орын болады.
Сіз бірнеше деңгейде пісірдіңіз. Жоғарғы табада пісірілген нан төмендегіден кебірек қызарған.	Бірнеше деңгейде пісіру үшін әрқашан 3D ыстық ауа <input checked="" type="checkbox"/> режимін пайдаланыңыз. Бір уақытта орнатылған табалардағы пісірілген нан міндettі түрде бір уақытта дайын болмайды.
Шырынды пирогтарды пісіру кезінде конденсат пайда болады.	Пісіру кезінде бу пайда болуы мүмкін. Әдетте ол есік арқылы шығады. Бу басқару тақтасында немесе маңайдағы жиһазда конденсацияланып, тамшылап ағуы мүмкін. Бұл қалыпты физикалық құбылыс.

Ет, құс, балық

Үдис

Кез келген ыстыққа тәзімді үдисты пайдалануға болады. Көп қуырдақ үшін өмбебап таба да жарайды.

Ен дұрысы шыныдан жасалған үдис. Қақпақ үдисқа жарамды болуын және тығыз жабылуын қадағалаңыз.

Қуыру үшін эмальдалған үдисты пайдаланғанда, міндettі түрде азғантай сұйыктық қосыныз.

Тот баспайтын болаттан жасалған үдиста қуырғанда ет онша қызармайды және дайын қүйге жетпеуі мүмкін. Әзірлеу уақытын арттырыңыз.

Кестелердегі акпарат:

Қақпағы жоқ үдис = ашық

Қақпағы бар үдис = жабық

Үдисты әрқашан тордың ортасына қойыңыз.

Үстік шыны үдисты құрғак қойғышқа қойыңыз. Қойғыш ылғалды немесе сүйк болса, шыны сынуы мүмкін.

Қуыру

